



Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде колледждер арасындағы ынтымақтастық маңызды орын алады. Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі мен Қостанай жоғары педагогикалық колледжі арасындағы осындай ынтымақтастық байланыс педагогикалық шығармашылықты дамытуға және білім беру сапасын арттыруға ерекше үлес қосуда. Жуырда Қостанай жоғары педагогикалық колледжі базасында WorldSkills стандарттары бойынша «Хореографиялық ұжымның жетекшісі» құзыреттілігінде республикалық кәсіби шеберлік байқауы өтті.

Республикалық байқауға Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, атап айтсақ Ақан сері атындағы Көкшетау жоғары мәдениет колледжі, Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі, Ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі, Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі, Құрманғазы атындағы музыкалық колледжі және Қостанай жоғары педагогикалық колледжінің «Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы» біліктілігімен дәріс алып жатқан білім алушылары мен жетекшілері қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Тәуелсіз сарапшылар байқау соңында қатысушылардың хореографиялық жетекшісі ретіндегі кәсіби құзыреттіліктерін, білімдерін, іскерліктерін мен дағдыларын атап өтіп, жеңіпаздарды анықтады.

Республикалық байқауға Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің арнайы пәндер оқытушылары мен «Хореографиялық ұжымның жетекшісі» біліктілігінің білім алушысы А.Төре-таева қатысып, Қазақстанның әр



«Хореографиялық ұжымның жетекшісі» құзыреттілігінде WorldSkills стандарттары бойынша республикалық кәсіби шеберлік байқауы

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

түкпірінен келген әріптестерімен бірге тәжірибе алмасып, өз деңгейлерін сарапқа салды. Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған іс-шара педагогикалық шығармашылық пен зияткерлік қауымдастықтың дамуына және білім алушылардың кәсіби білімін арттыруға үлкен ықпалын тигізді.

Кәсіби шеберлік байқау аясында ұйымдастырылған «Кәсіби құзыреттілік. Шығармашылық. Тәжірибе алмасу» тақырыбындағы шеберлік кластарында арнайы пәндер оқытушылары В.Уалиева, Г.Дәулетқалиева, А.Құлғарина, Ш.Шумақова, А.Картанова, Г.Есмақанова өз тәжірибелерімен бөлісіп, педагогикалық үздік нәтижелерін көрсетіп, көптеген білім саласы мамандарының назарын аударды. Өртүрлі салада тәжірибелі мамандар саналатын оқытушылар өздерінің кәсіби шеберліктерін және оқытудағы озық тәжірибелерін ортаға салды. «Ладтар негізгі үш дыбыстықтар және олардың айналымдары», «Динамикалық белгілер және оларды дирижерлік қимылында көрсету тәсілдері», «Әлеуметтік мәдени

мекемелерде жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру жолдары» тақырыбында өткізілген шеберлік сағаттары барысында қазіргі заманауи білім беру технологиялары, білім сапасын арттырудың әдістемелік әдістері, сондай-ақ мотивациялық және инновациялық тәсілдер талқыланды.

Оқытушылар тәжірибе алмасу барысында жаңашыл идеяларды бөлісіп, оларды оқу үрдісіне енгізу жолдарын қарастырды. Білім алушыларға арнап өткізілген шаралар оларды қызықтыратын тақырыптар бойынша тереңірек білім алуға мүмкіндік берді. Өртүрлі интерактивті ойындар, командалық жобалар және пікірталас өткізу барысында студенттер өздерінің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ коммуникативтік дағдыларын нығайтуға мүмкіндік алды. Білім алушылар өз идеяларын ортаға салып және шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі оқытушыларының Қостанайға сапары білім беру саласында жаңашылдықтың жаңа тәсілдерін қолданумен ғана

тоқтамай, ынтымақтастық білім жетілдіру жолының үлкен қадамы болғалы отыр. Ынтымақтастық тек оқу бағыттарымен ғана шектелмей, осы екі колледждің алдағы уақытта білім беру саласында біріге жұмыс істеуіне, ізденістер бағытында көбірек үштасуына жол ашып, одан сайын өркендетіп түспекші. Осындай республикалық деңгейде ұйымдастырылып жатқан барлық семинарлар мен кәсіби байқауларға қатысуға мүмкіндік жасап отырған колледж басшысы Жанар Өлшебаева алғысымызды білдірді.

Екі колледж арасындағы ынтымақтастық шығармашылық бағытында жоспарланған іс-шаралар мен семинарлар білім беру үрдісін жаңғыртуға, сондай-ақ оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді және білім беру сапасы мен құндылығын арттырып, болашақ мамандардың дамуына жол ашады деп ойлаймыз.

**Шолпан ШУМАҚОВА,**  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің оқытушысы, педагог-зерттеуші.

**Шакина Айсулу Кулкаировна, 5.08.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.**  
Барлық мұрагеріне Ғ.Айтпағанбетовке жолығуын сұраймыз.  
Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 3-үй. 21-17-59.

### «ҚМК Мұнай» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2025 жылдың 14 наурыз сағат 11.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Сарыкөл а.о., Сарыкөл а., Геолог көшесі, 25, мекенжайы бойынша Шұбаршы клубында қоғамдық тыңдау өткізіледі.

«ҚМК Мұнай» АҚ «Мәртөк» кен орны бойынша 2024 жылға арналған рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын түзету.

«ҚМК Мұнай» АҚ Құмсай кен орны бойынша 2024 жылға арналған рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын түзету.

«Мәртөк тұз үсті кен орнын игеру-2025» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚҚБ).

«Құмсай тұз үсті кен орнын игеру-2025» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚҚБ).

«Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы Құмсай тұз үсті кен орнында жобалық тереңдігі 400 м өндірістік тік ұңғымаларды бұрғылау» №18 топтық техникалық жобаға Қоршаған ортаны қорғау (ҚҚК) бөлімі.

Топтық техникалық жобаға «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысындағы Мәртөк тұз үсті кен орнындағы өнімді қабаттағы оқпанның көлденең қимасы бар №НМВ-279, НМВ-280, ұңғымаларын бұрғылау үшін» қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Топтық техникалық жобаға «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысындағы Мәртөк тұз үсті кен орнындағы өнімді қабаттағы оқпанның көлденең қимасы бар №НМВ-281, НМВ-282 ұңғымаларын бұрғылау үшін» қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

«Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы Мәртөк тұз үсті кен орнында жобалық тереңдігі 400 метр тік ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі топтық техникалық жобаға» қоршаған ортаны қорғау (ҚҚК) бөлімі.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [expert\\_ooos@mail.ru](mailto:ooos@mail.ru) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «ҚМК Мұнай» АҚ 8(7132)768-958 Ақтөбе қ., Өбілқайыр хан даңғылы, 42 А.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар видеоконференция түрінде өткізілетінін хабарлайды (Zoom Video Communications бағдарламасы арқылы).

<https://us05web.zoom.us/j/8838614970?pwd=KXZlMmU5q7aM50YjJwK0Jab72zjZlVX.1&omn=83820392606> . Конференция идентификаторы 883 861 4970, Кіру коды G5PCJ6.

Қосымша ақпаратты астыда көрсетілген электронды пошта және телефоны бойынша алуға болады: [zarina.arturova@mail.ru](mailto:zarina.arturova@mail.ru) +7 707 88313 43.

### «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Самұрық XXI» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Самұрық XXI» ЖШС мұнай шламдарын пиролиз әдісімен қайта өңдеу және вакуумдық дистилляция жолымен пайдаланылған майды қайта өңдеу жөніндегі қызмет жоспарлап отыр».

**Өтінішпен сайттарда:** <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: [aktobecoder@ecogeo.gov.kz](mailto:aktobecoder@ecogeo.gov.kz).

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 31.01.2025 ж. – 2.03.2025 ж.

### «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «ПГС-ИЛЕК» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданындағы «Комыссайское» кен орнында құм-қырыштық қоспасы мен құм өндіру бойынша кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары».

Өтінішпен сайттарда: <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: [aktobecoder@ecogeo.gov.kz](mailto:aktobecoder@ecogeo.gov.kz).

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 30.01.2025 ж. – 29.02.2025 ж.



**Ақтөбе**  
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:  
«АКТӨБЕ МЕДИА»  
ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі»  
орденімен марапатталған

Директор  
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары  
Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор  
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

**Бас редактордың орынбасары**  
Мейрамгүл САТАЕВА

**Жауапты хатшы**  
Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі**  
Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64

**Тілшілер**  
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА,  
Айдана АЛТЫБАЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі**  
Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

**Тілшілер**  
Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҮРБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі**  
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

**Тілшілер**  
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ

**Беттеуші**  
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА

**Корректор**  
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67

**Жарнама бөлімі** 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,  
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.

Сайт: [www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz)  
E-mail: [aktobegazeti@mail.ru](mailto:aktobegazeti@mail.ru)

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 14716 Тапсырыс №107

Нөмірдің кезекші редакторы  
Айнұр Жалмағанбетова



Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды